

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№12 (868) Сәрсенбі 20 наурыз 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegizeti>

<http://www.facebook.com/eltilegizeti>



ЕЛІМІЗДІҢ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің креативті индустрия өкілдерімен кездесті. Президентке музыка, әлеуметтік желі, киноиндустрия, жасанды интеллект және киберспорт салаларында табысқа жеткен отандық жобалар таныстырылды.

ӘРІПТЕСТІК ОРНАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Корея Республикасы Чоллабук-до провинциясы Халықаралық ынтымақтастық агенттігінің президенті Ким Дэ Сик бастаған делегациямен кездесті.

Аймақ басшысы екі ел арасында жоғары деңгейдегі тұрақты байланыстар мен ерекше достық қарым-қатынас орнағанын атап өтіп, делегация сапарының жемісті әрі нәтижелі болуына тілектестік білдірді.

– Чоллабук-до провинциясы Кореяның басты ауыл шаруашылық аймағы ретінде бізге аса қызықты. Егін шаруашылығына озық технологияларды енгізу, «ақылды ферма» және заманауи жылыжайлар салу, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу саласында тәжірибе алмасу, бірлескен жаңа жобаларды жүзеге асыруды ұсынамыз. Біздің өңірлеріміздің экономикалық бағыты ұқсас. Қызылорда облысы еліміздегі күрші пен астамын өндіреді, сондай-ақ балық пен мал шаруашылығы да дамыған. Осы ретте, салаға инновациялық әдістерді енгізу үшін корейлік тәжірибені зерттегіміз келеді. Жаһандық климаттың өзгеруі салдарынан су тапшылығы орын алуа. Құрғақшылыққа төзімді және тиімділігі жоғары, аймақтың климатына сай, өсу мерзімі қысқа күріштің жаңа сорттарын шығару мақсатында корей ғалымдарымен бірлесіп жұмыс жасауға ниеттіміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мұнан бөлек, облыс әкімі аймақта тәулігіне 102 тонна тыңайтқыш өндіретін кәсіпорын жұмыс жасайтынын атап өтіп, осы бағытта әріптестік орнатуды ұсынды. Мекеменің тыңайтқышты экспорттауға мүмкіндігі жоғары және дайын. Ким Дэ Сик облыс әкіміне ризашылығын білдіріп, өзара тиімді әріптестікті әрі қарай нығайтуға ниетті екенін жеткізді.

Айта кетейік, Сыр өңіріне жұмыс сапары барысында Корея Республикасы делегациясының қайта жаңғыртудан өткен Хон Бом До мемориалдық кешенімен

танысу, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректорымен кездесу және өңірдегі бірлесіп жүзеге асыратын жобалармен танысу жоспарланған.

Еске салсақ, Нұрлыбек Нәлібаев өткен жылдың мамыр айында облыс делегациясымен бірге Сеул, Тэджон және Чонджу қалаларында іссапармен болып, сапар нәтижесі бойынша бір-қатар бастамалар қолға алынды. Сол жолы Тэджон қаласы және Чоллабук-до провинциясының басшыларымен, әлемдік деңгейдегі университет президенттерімен кездесулер өткізіліп, бір-қатар келісімдерге қол жеткізілді.

Бірлескен жұмыстардың нәтижесінде өткен жылдың қараша айында Қорқыт ата университетінің базасында СеулТех университетінің жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылды.

Одан бөлек, Чоллабук-до провинциясының Халықаралық ынтымақтастық агенттігі мен Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУ ТҰРАҚТЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері қаралды. Мәжілістен кейінгі жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев берілген тапсырмаларды нақтылады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ауылдық жерлердің әлеуетін арттыруға баса назар аударып, ауыл-аймақтарды кешенді түрде өркендету аса маңызды екенін үнемі айтып келеді. Сондықтан, ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсарту – басты мақсаттардың бірі. Ауылдық аумақтарды дамытудың тұжырымдамасына сәйкес облыста ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Тұжырымдаманың басты мақсаты – ауылдың инфрақұрылымын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, кадрлармен қамтамасыз ету. Инфрақұрылым мәселелері «Ауыл - ел бесігі» жобасы шеңберінде шешіледі. Жобамен 372,1 мың тұрғын бар 58 тіректі, 45 спутниктік, барлығы 103 ауылдық елді мекен қамтылады. Соңғы 5 жылда 69 елді мекенде құны 30 млрд. теңгеден асатын 443 жоба жүзеге асырылды. Осылайша облыс халқының 98 пайызы, ауылдық елді мекендердің 86 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. 194 шақырым электр желілері қайта жаңғыртылып, 35 ауылдық елді мекен газдандырылды», - деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, облыс халқының саны 841,8 мың адам болса, оның 53%-ы ауылда тұрады. Жиында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Мемлекет басшысы тапсырған 4 ауқымды инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыру барысы егжей-тегжейлі қаралып, тиісті міндеттер айқындалды. Сондай-ақ ауылдық жерлерді дамытуға, ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған бірқатар бағдарламаларды іске асыру мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы қала және аудандардың әлеуетін ескере отырып, биылғы барлық көздерден 517 млрд. теңге инвестиция тарту жемісі қойылғанын еске салды. Осыған орай, облыс әкімінің жауапты орынбасарына бір апта ішінде аудан және қала бөлінісінде инвестиция көлемін ұлғайту мүмкіндігін қайта зерделеп, ұсыныс енгізу тапсырылды. Нұрлыбек Машбекұлы қала және аудан әкімдері жұмысының тиімділігін инвестиция тарту көрсеткішімен бағалатынын ескертті.

«АҢСАҒАН СӘБИ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА 270 КВОТА БӨЛІНДІ

Елімізде 2021 жылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламасы іске қосылды. Жоба қосалқы репродуктивті технологиялардың көмегімен отбасылық-демографиялық проблемаларды шешуге жәрдемдесуді мақсат еткен.

Биыл облыста аталмыш бағдарлама бойынша мұқтаж отбасыларға 270 квота бөлінді. Бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаныл Аубақирова өңірде «Аңсаған сәби» жобасының жүзеге асырылуы туралы сөз етті.

– «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасы

беделік диагнозы қойылған пациенттерге арналған. Аталмыш жоба аясында өңірде 2015 жылы 34 квота бөлінсе, бүгінде оның саны 8 есеге артқан. 2023 жылы 274 квота бөлініп, өткен жылдың желтоқсан айына дейін толық игерілді. Оның ішінде 136 жүктілік тіркеліп, 32 жағдай түсікпен аяқталған. Өткен жылы экстракорпоральды ұрықтандыру арқылы 86 бала дүниеге келсе, 1 отбасында



егіз сәби туған. Бүгінде 51 әйел жүктілік кезеңін өткізуде. Ал, 2024 жылға «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша 270 квота бөлініп, қазіргі таңда 76 әйел жолданды.

Облыс бойынша ұрпақ өрбту жасындағы әйелдердің саны 174 931-ді құрап отыр. Айта кетейін, аймақта 6 320 бедеу отбасы бар. Бүгінгі күні 750 отбасы квота кезегін

күтуде. Кезекте тұрған отбасылардың барлығы өңірлік комиссия арқылы қаралып, қолданыстағы бұйрықтарға сәйкес жолданады. Бағдарлама шеңберінде жүргізілген экстракорпоральды ұрықтандыру цикліне мониторинг жүргізу, пациенттердің құжаттарын қабылдау және құрылған комиссияға ұсыну жұмыстары басқарма тарапынан жүргізіледі, – деді Жаңыл Исақызы.

Қызылорда облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі

БАҒЫТ ПЕН БАҒДАР АЙҚЫН

Қызылорда облысының ауылдық округінің әкімі Сәкен Әбдіжаппар 2023 жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді баяндады. Бүгін де ауылдық округте 170 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді.

Өткен жылы жаңадан 22 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, 44 ауыл тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылған. Мемлекеттік бағдарламаларға жүгінген кәсіпкерлердің 78,0 млн. теңгені құрайтын 11 жобасы қаржыландырылған. Бұдан бөлек, 4 тұрғын 5 млн. 500 мың теңге көлеміндегі мемлекеттік қайтарымсыз грантка ие болған.

Инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар биыл да жалғасын табады. Осы мақсатта «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде А.Құнанбаев көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылады. Ал, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 3 көшеге, яғни, А. Құнанбаев, Қараөзек бекеті-4 және М.Жабағылу түйініне жол құрылысы жүргізіледі. Сонымен қатар, ауылдық округтегі электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары басталуда. Осы жұмыстармен қатар, Е.Дәуітбаев көшесіне «Спорт алаңы» құрылысын салу, тағы бірнеше көшелерге орташа және күрделі жол жөндеу жұмыстарын жүргізу жобалары бойынша облыстық бюджетке өтінім ұсынылды.

Өткен жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 6 көшеге асфальт төселіп, Абылайхан және Ш.Ибраева көшелеріне жаяу жүргіншілер жолы салынды. Сондай-ақ, М. Жабағылу



және Арғын көшелеріне түнгі жарық бағаналары орнатылды.

Бұдан бөлек, жарықтандыру жұмыстарына бюджеттен қаралған қаражатқа Айнақол-1 және Айнақол-4 көшелері жарықтандырылды. Ауыл тұрғындарының сұранысына орай, Қараөзек ауылындағы Е.Дәуітбаев көшесіне балалар ойын алаңы салынып, «Демалыс аллеясына» орындықтар мен жарық бағаналары орнатылды және аяқ су ұңғымасы қазылды. Су тапшылығын алдын алу мақсатында 2 дана СНП-500/10 насостық қондырғысы бөлініп, егістіктер мен 3 елді мекенге аяқ су берілді, – деді ауылдық округ әкімі Сәкен Нысанұлы



ЖАҢАРУ КҮНІНДЕ ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР 150 ТҮП КӨШЕТ ЕКТІ

19 наурыз – «Наурызнама» онкүндігі бойынша «Жаңару күні» яғни қоғамның барлық салаларын жаңарту, ағаш көшеттерін отырғызып, түрлі экологиялық акцияларға үн қосу.

Осы ретте Қазалыда Наурыз мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған «Көктемгі көшет» тал егу акциясына зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, аудандық мәслихат депутаттары, түрлі сала қызметкерлері мен белсенді жастар және еріктілер қатысып, аудан аумағын көшетпен көмкерді. Жаңару күнінде қазалылықтар қарағаш, үйеңкі сынды 150 түп ағаш екті.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбетте игі бастамаға қолдау көрсетіп, әрбір тұрғын

тазалықты өз ауласынан бастап, қала аумағын жасыл-желекпен көмкеруге үлес қосуы тиіс екенін айтып, қазалылықтарға жаңару күнінде бақ-береке тіледі.

Мұнан соң аудан басшысы тал егу акциясына үлес қосқан азаматтармен пікірлесіп, ақжарма тілегін арнады. Тазалыққа үндейтін «Жаңару» күнінде қазалылықтардың басын қосқан экологиялық акция дәл бүгін ауданға қарасты барлық кент, қала және ауылдық округтерде жалғасын табады.

134 ОТБАСЫ ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ

Амал мерекесі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентінде 134 отбасыға тұрғын үй кілтін табыстау рәсімі өтті. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Амал мерекесімен және алдағы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтады.



«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді», – деп атап өткен болатын. Халықты баспанаман камту еліміз үшін негізгі басымдықтың бірі десек, өңірде бұл бағытта тындырымды тіріліктер атқарылуда. Өткен жылы аймақта 4 108 пәтерлік 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді, 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешілгені тапты. Халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы, жайлы өмір сүруінің кепілі болып саналатын баспанаман камту жұмыстары биыл да қарқынды жүреді. Бюджет қаражаты есебінен 14,3 млрд. теңгеге 1890 пәтерлік 70 тұрғын үй салынды. Оның 16-сы жеті қабатты болады. Жыл басында Тасбөгет кентінде 38 отбасы баспаналы болса, бүгін міне, өздеріңіздің қатысуларыңызбен 134 отбасы қоныс тойын тойлайды. Бұл – мемлекеттің тұрғындарды қолдауының нақты көрінісі», – деді аймақ

басшысы. Айтпа кетейік, көпқабатты тұрғын үйді «СК Данекер» ЖШС салды, баспана әлеуметтік жағынан осал отбасыларға берілді. Рәсімде көпбалалы ана Феруза Әбжанова қоныстой иелері атынан қуанышын жеткізіп, еңбек ардагері Төлеш Әліев ақ батасын арнады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кент тұрғындары мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері марапатталды. Бүгінде Қызылорда қаласы мен

елді мекендердің келбетіне көрік қосатын әлеуметтік нысандар құрылысы қарқын алған. Сол жағалаудан 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биыл 10 мектеп ел игілігіне табысталып, тағы 11-нің құрылысы басталды. Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы», Жаңақорған, Шиелі

аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептері» салынды. Өткен жылы «Отбасы орталығы» және «Анаға тағзым» орталығы өз қызметін бастады. Жакында 1000 орындық «Өнер орталығы» салтанатты түрде ашылып, сол жағалаудан жана өлкетану музейі бой көтерді.

Қызылорда қаласында 36 млрд. 400 млн. теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Жаңа «Қан орталығы» Медицина қызметкерлері

күні қарсаңында пайдалануға берілмек.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірде жалпы құны 11 млрд. теңгені құрайтын 27 нысан салу көзделген. Өткен жылы елді мекендерде 15 дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталып, қазір 30 мыңнан астам халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде.

Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес «Орталық стадион» (20,9 млрд теңге) және жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені (6,8 млрд теңге) ел игілігіне табысталады. Жакын күндері заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты пайдалануға берілді.

Инвесторлар қолдауымен 37 млрд. 600 млн. теңгенің жобалары іске асуда. Қорқыт ата әуежайының жана терминалы салынуда. Жоба құны – 20 млрд теңге, жаңа терминал осы жылы пайдалануға беріледі. «ҚазірМұнай» компаниясының демеушілігімен 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құрылысы қарқын алды. «Сауте Ойл» компаниясы 650 орындық музыкалық колледж ғимаратының құрылысын бастады.

Биыл 7 ауданда неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін, құны 11,5 млрд. теңгені құрайтын «Руханият» орталықтары салынуда. «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірге «Үстел теннисі орталығының» құрылысы жүргізілуде.

ҚАЛАЛЫҚ ТҮРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Қызылорда қаласы әкімдігі «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылардың көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі www.egov.kz «электрондық үкімет» веб – порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылардың көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен төрт түрлі мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

1. Күзгі – қысқы жылу маусымына жоғары кернеудегі электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға ээрілік паспорттың беру – www.egov.kz «электронды үкімет» веб – порталы арқылы жыл сайын 15 тамыздан бастап 30 қыркүйекті қоса алғанда жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды және қызмет – электронды түрде көрсетіледі.

2. Ауданаралық (қалааралық, облысышілік), ауданішілік қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарға әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша автомобиль жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасмалдаушылардың залаларын субсидиялау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды. Қызмет электронды түрде көрсетіледі.

3. Жолаушылар мен багажда автомобильмен қалалық (ауылдық) қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту;

4. Ағаштарды кесуе рұқсат беру – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу бойынша жұмыс»

Жоғарыда аталған мемлекеттік қызметтердің барлығы www.egov.kz «электронды үкімет» веб-порталы арқылы электронды түрде қызмет көрсетілетін назарыңызға саламыз.

«Қызылорда қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» КММ-і арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы

Қазіргі таңда қала әкімдігінде тұрғын үйге мұқтаж адамдардың 5 дара тізімдері бойынша 26215 отбасы кезекте тұр. Оның ішінде:

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тобында;	1488	
Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Бағыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар	5157	
халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарында	9825	
мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	9097	
жалғыз тұрғын үй Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтар	647	

2023 жылғы қаңтар- желтоқсан аралығында бөлім-5062 мемлекеттік қызмет көрсетті:

- Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай – ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы – 5009;

- Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру – 37;

- Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару – 9.

- Қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасымен келісу – 4.

2023 жылы «Жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтар» санаты бойынша Қызылорда қаласы, Сол Жағалау тұрғын ауданынан – 40 пәтер берілді.

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 13 тамыздағы № 441 бұйрығымен бекітілген.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаға (көрсетілетін қызметті алушы)

тегін көрсетіледі.

Қазіргі таңда «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» мемлекеттік қызметін көрсету «Kezekte.kz» ақпараттық жүйелер платформасындағы «Shanyraq» ақпараттық қызметіне ауыстырылды.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге <https://www.kezekte.kz/> веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтінішті және Қағидаларда көрсетілген құжаттардың тізбесін жолдайды.

Азаматтар үй кезегіне тұру үшін «Kezekte.kz» порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) куәландырылған өтінішті қалыптастырады.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді есепке алу және кезекке қою, автоматты түрде және бөлу процесін автоматтандыру жөніндегі ақпараттық сервисі «Shanyraq» Тұрғын үй кезегі» ақпараттық қызметі арқылы қолжетімді.

«Kezekte.kz» ақпараттық жүйесі бірқатар мемлекеттік органдардың ақпараттар жүйесімен (базасымен) интеграцияланады.

Қазіргі таңда «Kezekte.kz» «Shanyraq» Тұрғын үй кезегі» порталы арқылы үй алу кезегіне тіркелу үшін өтініш беруге толық мүмкіндік бар.

2023 жылдың тамыз айынан бастап тұрғын үй кезек реттілігіне түгендеу жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, түгендеу жұмыстары нәтижесінде 2 681 азамат тұрғын үй кезегінен шығарылды.

Ақпарат ретінде:

№	Санаты	Кезектен шығарылу себебі
1	Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Бағыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар тобы	243 азаматтың меншігінде тұрғын үй болуына/ шығарылуына байланысты
2	халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобы	764 азаматтың меншігінде тұрғын үй болуына/ шығарылуына байланысты, 358 азаматтың басқа қалаға мекенжайы ауысуына байланысты; 140 азаматтың статусының жойылуына байланысты.
3	мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар	1176 азаматтың меншігінде тұрғын үй болуына/ шығарылуына байланысты

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың, некеге тұру немесе некені бұзу туралы, қайтыс болу туралы, балалардың тууы туралы куәліктерінің мәліметтерін, меншік құқығында оларға тиесілі тұрғын үйдің (Қазақстан Республикасы бойынша) бар-жоғы, отбасының барлық мүшелерінің мекенжайы туралы мәліметтерді, басқа адамдарды көрсетілетін қызметті алушының отбасы мүшелері деп тану туралы сот шешімін, Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататынын растайтын құжаттардың мәліметтерді отбасының барлық мүшелеріне көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеріп, қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Бөлімнің қызметкері көрсетілетін мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға оларды сәйкес келтіру мерзімін көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Егер хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы оны нормаларына сәйкес келтірмеген жағдайда, уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинетіне» жолдайды.

Құжаттарды қарау және көрсетілетін қызметті алушы коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге есепке қою туралы анықтаманы берудің жалпы мерзімі өтініш берілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кеш емес.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қараудың қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) кезектің реттік нөмірін көрсете отырып, есепке қою туралы

хабарлама және ұялы телефонға sms-хабарлама түрінде шешім;

2) не бас тарту туралы дәлелді жауап, ол көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынғы мүмкін құжаттарды және мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

«Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдесіндегі №673 қаулысымен бекітілген қағидаларының 2 тармағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіру тәртібі айқындалған.

Қазіргі таңда Gostrestr.kz мемлекеттік меншік тізілімінің веб-порталында (бұдан әрі - Мемлекеттік тіркеу порталы) Қазақстанның Ұлттық куәландырушы орталығы шығарған электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, жекешелендіру үшін www.gostrestr.kz сайтына тіркеліп, жекешелендіру процесі толықтай автоматтандырылды.

Көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасында тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарт электрондық нұсқада жасалады.

«Тұрғын үй инспекциясы туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 241 бұйрығының 3-тарау, 12-тармағына сәйкес «Тұрғын үй инспекциясының негізгі функциясы елді мекендердің шекаралары шегінде газ және газбен жабықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылау, сондай-ақ елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қадағалау субъектілеріне қатысты қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау болып табылады.

Осыған байланысты, 2023 жылғы 31 мамырда ««Бейнеу-Шымкент» магистралдық газ құбырынан қалада АГТС орнату және Қызылорда қаласының кіріс газ құбырын және жаңа комбинирленген циклиді зауытқа кіретін газ құбырын орнату арқылы газ құбырының тармағының құрылысы», 2023 жылғы 1 маусымда ««Orda Glass LTD» ЖШС шыны зауытын резервтік газбен қамтамасыз ету үшін жеткізу газ құбырының құрылысы Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Өндірістік аймақ, н/к.», 2023 жылғы 7 маусымда «Қызылорда қаласындағы Өңтүстік қазандықтың BONO ENERGIA үш бу қазандығын қайта құру», 2023 жылғы 25 қыркүйекте Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округіне қарасты Баймұрат батыр және Талдыарал елді-мекендерін газбен қамтамасыз ету құрылысына «Grand «Structure Engineering» ЖШС-не қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамаларына келісім берілді.

Қала аумағындағы қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару бойынша 2023 жылдың сәуір айында «Alexey Sultan Akhmet» ЖШС-нің Төле би көшесі 29Б мекен-жайында орналасқан 4 лифтіні, 2023 жылғы 13 маусымда К. Байсейітова көшесінде орналасқан «Халық банкі» ғимаратында орналасқан № 20231502лифтіні, 2023 жылғы 11 қыркүйекте Яншина көшесі №2а мекен-жайында орналасқан «Амина» тұрғын үй кешенінде орналасқан лифтіні, 2023 жылғы 6 қазандаС. Бейбарыс көшесі, № 2 мекенжайында орналасқан «Неке сарайы» және Н. Назарбаев даңғылы № 24 А мекенжайында орналасқан «Анаға тағзым» ғимараттарында орналасқан лифтілерді есепке алу жұмыстары жүргізілді.

2023 жылғы 11 қыркүйекте Яншина көшесі №2а мекен-жайында орналасқан «Амина» тұрғын үй кешенінде орналасқан лифтіні есепке алу жұмыстары жүргізілді.

2023 жылғы 25 қыркүйекте Ақжарма ауылдық округіне қарасты Баймұрат батыр және Талдыарал елді-мекендерін газбен қамтамасыз ету құрылысына «Grand «Structure Engineering» ЖШС-не қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамаларына келісім берілді.

2023 жылғы 6 қазанда «Анаға тағзым» орталығында, «Неке сарайы» ғимаратында, 2023 жылғы 20 желтоқсанда Қорқыт ата 11 мекенжайындағы «ADSpiazza» сауда үйінде орналасқан лифтіні есепке алу жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік қызметті электрондық түрде алудың тиімділігі - ол ақпаратты алудың қолжетімділігі, өтінішті өзіне қолайлы жерден (компьютері бар кез келген орындардан) беру мүмкіндігі, артық құжаттар талап етілмеуі, бюрократиялық сымдарды жою, қызмет беруші мен қызмет алушы арасында жемқорлық тәуекелдерін жою.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында азаматтық белсенділікті танытып, тұрғын үй саласында мүмкін болатын мемлекеттік қызметтерді портал арқылы электронды түрде алуға шақырамыз.

СЕМИНАР САБАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қызылорда облыстық сотында «Қылмыстық құқық және процесс», «Әкімшілік құқық бұзушылық және процесс» секциялары бойынша семинар сабағы өткізілді. Оған Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Бекжанов, облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары

қатысты. Семинарды алқа төрағасы Ж.Бекжанов ашып, қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің ерекшеліктерін атап өтті.

Шиелі аудандық сотының судьясы А.Жолдыбаев алаяқтық қылмыстық істерді қараудың сот тәжірибесіне тоқталып, статистикалық мәліметтерді келтірді. Сонымен қатар, Қызылорда қалалық №2

сотының судьясы К.Еспенбетова сыбайлас жемқорлыққа қатысты істерді қараудың сот тәжірибесі туралы, Арал аудандық сотының судьясы Б.Керуенбаев салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөнінде баяндама жасады.

Қызылорда қалалық №2 сотының судьясы Қ.Абуллаев қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату мәселелерін

көтеріп, бас бостандығын шектеу және бас бостандығынан айыру жазасының мерзімдерін іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босату, сонымен қатар, жазаның қалған өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру ерекшеліктеріне тоқталды. Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Байқоңыр қалалық сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 127-бабы 3-бөлігі бойынша А.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Іс құжаттарынан анықталғандай, құқық бұзушы А.-ның 2009 жылғы 4 қаңтарда туған Қ. есімді көмелетке толмаған баласы көпқабатты үйдің ауласында, қоғамдық орында алкогольдік ішімдікті тұтынуына байланысты полиция қызметкерімен ұсталған. Бұл жөнінде көмелетке толмаған баланың ата-анасына хабарланып, масаң күйін анықтау үшін анасының қатысуымен медициналық куәландырудан өткен. Медициналық куәландыру актісімен көмелетке толмаған Қ. есімді баланың алкогольдік ішімдікті тұтынғаны бекітілген.

Құқық бұзушы А.-ның көмелетке толмаған баласын тәрбиелеу жөніндегі ата-ана міндеттерін орындамауы көмелетке толмаған баласы Қ.-нің алкогольдік ішімдіктерді тұтынуына алып келгендіктен полиция қызметкерімен хаттама толтырылған.

Құқық бұзушы А. әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасымен келісіп, жасаған әрекетіне өкінітінін көрсетті. Сот қаулысымен құқық бұзушы А. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 127-бабы 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 51 688 теңге көлемінде айыппұл салынды.

ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Қармақшы аудандық сотында Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 612-бабының 3-бөлігі бойынша азамат Т.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Іс құжаттарына сәйкес, азамат Т. көлік басқару құқығынан айырылған бола тұра, өзінің көлік құралын басқарған. Сотта азамат Т. кінәсін толық мойындап, көлік басқаруға тиісті құжаттары болмаса да, көлік басқарғанын көрсетіп, жеңіл жаза қолдануды сұрады. Қармақшы аудандық сотының қаулысымен құқық бұзушы Т. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 612-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 129 220 теңге айыппұл салынды.

Қаулы заңды күшіне енген.

Қармақшы аудандық соты

АЙЫППҰЛ АРҚАЛАДЫ

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 613-бабы 1-бөлігімен азамат Б.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Сотта анықталғандай, Б. көлік құралын басқарып келе жатып, полиция қызметкерлерінің көлік құралын тоқтату туралы заңды талабын орындамаған. Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті, өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген. Сот қаулысымен Б. аталған бапмен кінәлі деп танылып, оған 103 376 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды.

Арал аудандық соты

НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫ ТАЛАПТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Арал аудандық сотында сот төрағасы К.Садуақасованың төрағалық етуімен семинар өтіп, қолданыстағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының талаптары талқыланды.

Шара барысында судья Б.Керуенбаев сот практикасын жетілдіру, орын алған кемшіліктерді жою және үкімдердің сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот үкімі туралы» нормативтік қаулысындағы түсіндірмелерге, судья Г.Нұрымбетова азаматтық талаптарды қылмыстық процесте қаралуын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын дұрыс әрі біркелкі қолдану мақсатында «Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы» нормативтік қаулы түсіндірмелеріне байланысты баяндама жасап, қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудағы өзекті мәселелер талқыланды. Семинар соңында қатысушылар талқыланған мәселелерді қорытындылап, жұмыс сапасын арттыру үшін тиісті ұсынымдар жасады.

Арал аудандық соты

КӨРШІСІНІҢ ЕСІГІН ӨРТЕГЕНІ ҮШІН ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Байқоңыр қалалық сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 147-1-бабы 1-бөлігі бойынша құқық бұзушы А.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Құқық бұзушы А. көршісі Е.-ның тұрғылықты мекен-жайының кіре беріс ағаш есігін сыртың қасақана өртеп, қылмыстық жазаланатын белгілері жоқ, бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіретін іс-әрекеттер жасаған. Сот талқуында құқық бұзушы А. кінәсін мойындап, жасаған әрекетіне шын ниетпен өкінітінін, көршісімен сөзге келіп, соның салдарынан ашу үстінде көршісінің есігін өртегенін мойындап, келтірген шығынды өтеп беретінін айтып көрсетті. Сотта анықталғандай, А.-ның тәрбиесінде көмелетке толмаған қызы бар. А.-ның отбасылық және мүлкілік жағдайлары ескеріліп, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі әкімшілік айыппұл 73 840 теңге 30 пайызға қысқартылды. Сот қаулысымен құқық бұзушы А.-ға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 147-1-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 51 688 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Сот қаулысы заңды күшіне енген жоқ.

Байқоңыр қалалық соты

МЕДИАЦИЯ ТӨРТІБІМЕН АЯҚТАЛДЫ

Соңғы жылдары еліміздің сот саласында жасалған бірқатар реформалардың арқасында азаматтық дауларды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік туды. Қабылданған шаралар өз жемісін беріп, тәжірибе арқылы кез-келген дау сотқа дейін аяқталуда. Өткен жылдың басынан бастап қолданысқа енген сотқа дейінгі хаттама негізінде тараптар сотқа өз уәждері мен дәлелдемелерін ұсына отырып хаттама ұсыну арқылы бір-біріне талап-тілектерін айтуына және оның қаралу мерзімі он бес күнге ұзарғаны белгілі. Осы бағытта татуластырушы судьялар талап қою түскен күннен бастап белсенді қызмет атқарып, қос тарапты бітімге шақырып, дауды сот өндірісіне қабылдамай-ақ аяқтат келеді. Мысалы Сырдария аудандық сотында 2023 жылы 158 азаматтық іс бойынша медиация тәртібімен аяқталса, оның 142-і сотқа дейінгі хаттама негізінде аяқталған. Бұл ретте аудандық соттың судьяларымен қатар, қоғамдық негіздегі медиаторларға ұсыну арқылы сотқа дейінгі татуластыру рәсімдері жүргізілгендігін атап өткен жөн.

Дауды шешудің аталған әдісінің тиімділігі өте жоғары. Себебі соттың ұйғарымымен тараптар арасындағы азаматтық істер бойынша дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімі бекітіліп, іс жүргізу дереу тоқтатылды және талап қоюшыларға төлеген мемлекеттік баж алымықайтарылды.

Сырдария аудандық сотының баспасөз қызметі



113 ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАДЫ

Қызылорда қаласында заңсыз келушілерге шара көрілуде.

Қала аумағына келген шетелдіктердің көші-қон заңнамаларын бұзу деректерін анықтау, оларды әкімшілік жауапкершіліктерге тарту, ісзуде жүрген қылмыскерлерді анықтау мақсатында шетелдіктердің уақытша тіркелген мекен-жайларын, салынып жатқан құрылыс нысандары, базарлар мен дәмханалар тексеріліп, рейдтік іс-шаралар жүргізілуде.

Бір апта көлемінде 113 заң бұзушылық анықталды.

Нәтижесінде Көші-қон заңнамаларын бұзған ҚР ӘҚБтК-нің 517 бабымен (Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның ҚР халықтың көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы) 6 шетелдік анықталды.

Сонымен бірге ҚР ӘҚБтК-нің 518 бабымен (Шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалардың ҚР-ның

халықтың көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы) 43 азаматына әкімшілік шаралар көрілді.

Осыған байланысты, аталған бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында Көші-қон қызметі бөлімінің қызметкерлері нақты тапсырмалар бойынша тиісті ұйымдастырушылық шаралар қабылдауда.

Бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР ЕЛ АЙНАСЫ

Тура төрелік айтып, әділ шешім шығару – өте жауапты іс. Ал осы судьялардың келерісіз сот отырыстарын жүргізіп, сапалы сот актісін шығаруға кеңсе мамандарының еңбегі ерен.

Сот мамандарының жұмысы көзге көріне бермегенмен, мұндағы құжаттардың сауатты әзірленуі, сотқа жүгінетін азаматтарға дер кезінде жауап беру, жол тілтеу, кеңес беру, сот отырыстарына қатысатын тараптардың процеске кешікпей келіп, ортақ тәртіпке бағынуын бақылау осы кеңсе мамандарының ұйымдасқан, бірлескен іс – әрекетінің арқасында жинақы жүргізіліп отыр.

Сот жүйесіне деген сенімді

арттыру тек судьялардың ғана емес, сот мамандарының да басты мақсаты. Ал сенімді нығайту сапалы қызмет көрсетумен, сыпайы қарым-қатынас қалыптастырумен өзектес. Тіптіне, сотқа деген көзқарас осы алғашқы қабылдаудың әсеріне байланысты қалыптасады. Осыны ескере отырып, кеңсе қызметкерлері әрбір азаматпен сыпайы сөйлесіп, қандай жағдайда да сөзін бөлмей, айтатын ойын тыңғылықты тыңдауы тиіс. Соттың басты тұтынушысы – халық. Сондықтан, сот қызметкерлері тұрғындардың сұрағына сауатты жауап, дұрыс бағыт беруге міндетті.

Сот әкімшісінің қызметкерлері

сот жұмысын түсіндіруде, соттағы жобаларды насихаттауда, заңдарды басшылыққа ала отырып құқықтық кеңес беруде де белсенді. Бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізгендердің арқасында халықтың құқықтық сауатын көтеру ісіне де зор ынтамен үлес қосып келеді. Мемлекеттік қызметті талапқа сай атқарып, тұтынушының алғысын алу, сотқа деген сенімді нығайту – біз үшін мерейлі міндет.

М.НАЯТ,
Қармақшы аудандық соты әкімшісінің жетекші маманы

КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өткізілді. Комиссияның күн тәртібінде 4 мәселе қаралып, орта білім алу кепілдігін қалпына келтіру, білім беру ұйымдарында оқушылардың мектеп формасын сақтауы, жасөспірімдер тарапынан жасалған қылмыстарды талқылап, олардың бос уақытын тиімді пайдалану жөнінде профилактикалық шараларды қабылдау мәселелері талқыланды.

Комиссия төрағасы Дархан Есалыұлы көмелетке толмағандардың профилактикасын күшейту мақсатында сала басшыларына нақты тапсырмалар берді. Комиссия тарапынан көмелетке толмағандардың мәселесі бойынша балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында тиісті шешімдер қабылданды.

ОБЛЫСТЫҚ СОТТА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында «Азаматтық істер бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуді қолдану аясын одан әрі кеңейту және оңайлатылған тәртіпте қаралатын істер бойынша заңнаманың қолданылуын зерделеу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Шараға Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы М.Текетаев, облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары, Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының, өңіраралық заң консультанттары палатасының, облыстық жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының, «КМҒ» микроқаржылық ұйымының облыстық филиалының, «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының №20 филиалының, «Қазақстан Халық банкі»

акционерлік қоғамының облыстық филиалының өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелді Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы М.Текетаев ашып, азаматтық істерді қарауда оңайлатылған іс жүргізуді қолдану аясын кеңейту керектігіне тоқталды.

Қалалық соттың судьясы М.Ақынбек «Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер, іс жүргізу тәртібі» тақырыбында баяндама жасап, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен істерді қарау даудың тезірек шешімін табуға, тараптардың уақытын үнемдеуге ықпал ететінін атап өтті.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы Б.Елшібеков істерді оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қараудың ерекшеліктерін баяндады. Шара соңында дөңгелек үстелге қатысушылар өзара пікір алмасып, ұсыныстарын білдірді.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

МАС КҮЙІНДЕ АВТОКӨЛІК ЖҮРГІЗУДІҢ СОҒЫ – ЖАЗА

Ішімдік ішіп алып, заң бұзатындарға, оның ішінде көлік айдайтындарға қатаң жаза қарастырылған. Өткен жылы аудан бойынша жол сақшылары мас күйінде көлік жүргізетін жетпіс жеті жүргізушіні ұстады. Ал ұсталмай шытылған, я бармақ басты көз қыстымен құтылып кеткен адам қаншама. Сол қу араққа тойып алып, көлік айдаған жүргізушілердің кінәсінен қаншама адамның денсаулығына зақым келіп, қаншама техника ойран болды.

Маскүйінде көлік құралдарын басқару әлі де өзекті болып отыр. Жүргізушілер

алкогольдік масаю жағдайында көлікті тізгіндеудің өз өміріне ғана емес, айналасына да қатер төндіретінін түсінбей келеді.

Жауапсыз жүргізушілердің кесірінен жол апаты жиілеп, одан зардап шегушілер саны артқандықтан, көлік рүліне мас күйінде отырғандарға берілетін жаза қатаңталған болатын. Жүргізушінің әрекетінде қылмыстық іс-әрекет болмаса, 7 жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыра отырып, 15 тәулікке әкімшілік қамқам белгіленеді. Ал осы құқық бұзушылық жаза мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде қайта жасалса, кінәлі адам бес жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Сонымен қатар катеден сабақ алмаған жүргізуші өмір бойы көлік жүргізу құқығынан айырылады.

Жол қозғалушылардың барлық қатысушыларын көлік жүргізудегі маскүнемдікке қарсы күреске қосылуға, бейжай

қалмауға және осы фактілер бойынша құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырамыз. Есіңізде болсын, қырағылық адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Өйткені сіздің балаларыңыз, туыстарыңыз, достарыңыз және жақын адамдарыңыз мас жүргізуші кесірінен зардап шегуі мүмкін. Мас жүргізушілерді дер кезінде ұстап, қауіптің алдын алған жөн.

Алкогольді ішімдік – адам өміріне, қоғамға зиян. Біреулер деалу үшін ішетін болса керек. Егер кейін оның зардабын тартып, денсаулығына зиян болса, ондай демалыстың керегі не? Ең бастысы, айналана қауіп төндіріп, біреудің өміріне, денсаулығына зиянның тиер болса, ең ауыры сол емеспе? Сондықтан әрбір азамат тәртіпті қатаң сақтағаны жөн.

А.МЫРЗАҒҰЛОВА
Қармақшы аудандық сот әкімшісінің бас маманы



18.03-24.03.2024



ТОҚТЫ (21.03 – 20.04) Апта басында Тоқтылар өздерін әлсіз сезінуі мүмкін. Айналадағылардың бәрі қарсы тұрғандай көрінеді, шын мәнінде олай емес. Барлық іске жеңіл қарауды, адамдарға сенім артуды үйреніңіз.



ТОРПАҚ (21.04 – 21.05) Бұл апта сіздер үшін инвестиция күндері болашақ. Бұл белгі иелері болашақта жақсы табыс алып келетін жеке ісін ашуы мүмкін. Алайда, уайымға бағуыңыз да ғажап емес.



ЕГІЗДЕР (22.05 – 21.06) Демалыс күндері бірқалыпты өтпек. Әрине, олар да болашақ жайлы ойлап, түрлі жоспар құрады. Бірақ жұлдыздар өз ойларыңызды жүзеге асыруда асықпауға кеңес береді. Егіздерге тек бір кеңес беруге болады. Айналага жіті қараңыздар. Онда сізге көмек қолын ұсынуға әзір адамдар бар.



ШАЯН (22.06 – 22.07) Демалыс күндерінде абыройыңыздың шарықтауына дайын болыңыз. Шабыт пен шығармашылық бойыңызды билеп, бұл көңіл-күй өз ісіңізді табуға немесе мансап баспаладағымен көтерілуге көмектеседі. Күнделікті жұмысыңыз өзінше ләззат сыйлайтын естен шығармаңыз.



АРЫСТАН (23.07 – 21.08) Аптаның алғашқы күндерінде өзіндік өзгертуге мән беріңіз. Шап ұлгісін өзгертуге, диетаға отыруға ең қолайлы апта. Жұмыс күндері сәттілік сізден теріс айналуы мүмкін. Оған бола уайымдамаңыз, сәттілік қайта серігіңіз болып, ақшаға кенелетін болсаңыз.



БИКЕШ (22.08 – 23.09) Бұл апта сіздер үшін маңызды болашақ. Ойдағының бәрін жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Алайда, ол үшін қажырлы еңбек қажет. Бұл белгі иелері бұған тек қуанады, себебі тағдырдың сыйларын қашан да қырағы көзбен қабылдайды. Тағы бір атап өтетін жайт, алғашқыда сәтсіздікке тап болсаңыз, салыңыз бірден сұта кетпесіз.



ТАРАЗЫ (24.09 – 23.10) Бұл күндерде жұмыста қателік жібермеуге тырысыңыз. Сондай-ақ, бұл белгі иелеріне сынды жылы қабылдауға кеңес беріледі. Адамның барлығы сізге жау емес. Жағымды жаңалық, барлық таразыларға екінші жартылары романтикалық тосын сый жасайды. Ал жалғызбасты адамдар осы күндері өмірлік серігін кездестіруі әбден мүмкін.



САРЫШАЯН (24.10 – 22.11) Сарышаяндарға жұмыс бойынша өте тиімді ұсыныс түседі. Оған таңқалудың немесе қандай да астар іздеудің қажеті жоқ. Тағдыр сізге жаңа өмір бастауға мүмкіндік береді, алайда жоспарларыңызды наурыз айының соңына дейін жүзеге асыруға кеңес беріледі. Сондай-ақ, Сарышаяндарға шамадан тыс жұмыс істеп, ауырлық түсірудің қажеті жоқ.



МЕРГЕН (23.11 – 21.12.) Мергендер айдың көп бөлігін оңашада өткізгені дұрыс. Маңызды істерді алдыңғы орынға қоюға көмектеседі. Сондай-ақ, потенциалыңызды ашуға келергі келтіріп жүрген ішкі қорқыныштарыңыздан арыла аласыз. Таңдау жасайтын сәт келгенде ішкі түйсігіңізге құлақ асыңыз.



ТАУЕШКІ (22.12 – 20.01) Тауешкілер үшін бұл апта оңайға соқпайын деп тұр. Тағдыр тағы да сіздің төзімділігіңізді сынайды. Жоғарғы күштер сіздің биік шыңға шығатыныңызға, алайда оған бойыңыздағы жалқаулықтың кері әсері тиіп тұрғанына сенімді. Апта соңында қоматты қаржыға ие болуыңыз мүмкін. Ақшаны ақылмен жұмсауға кеңес беріледі.



СУҚҮЙГЫШ (21.01 – 18.02) Соңғы уақытта Суқүйгыштар ештеңеге қуанбайды. Олар өміріндегі жақсы дүниелерді байқаудан қалып барады. Мұнаоды қойып, жаңа өмірдің есігін ашуға болатын сәтті жіберіп алмаңыз. Дәл осы наурыз айында болатын кездейсоқтықтар кездейсоқтықтан емес. Тағдыр қолыңыздан жетелеп, жеңіске алып келеді.



БАЛЫҚТАР (19.02 – 20.03) Наурыз ғашықтық сезімін бастан өткіріп жүрген Балықтар үшін оңайға соқпайды. Бірінші кезекте өзіндік ойлауға кеңес беріледі. Осы аптада байып кетуге мүмкіндігіңіз жоғары. Жеке өмір мен жұмыстың арасында үндестік табуға тырысыңыз.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҚАТЕРЛІ ІСІК СКРИНИНГІНЕН ӨТУДЕ

Қызылорда облысында облыстық онкологиялық диспансердің жылжымалы медициналық кешені жұмыс істейді. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы «Қазақстан халқына» қоры облысқа онкологиялық ауруларды дер кезінде скринингтік тексеру мен профилактикалық тексеруден өткізуге арналған заманауи жылжымалы медициналық кешен сыйлаған болатын.



Шиелі ауданындағы баспасөз туры барысында журналистер онкологиялық қызметтің алғашқы жылжымалы медициналық кешенінің жұмысымен танысты.

Облыстың ірі аудандарының бірінде 78 мыңнан астам халық аудандық емханада тіркелген. Диспансерлік есепте 122 онкологиялық науқас болса, оның көбісі сүт безі қатерлі ісігіне шалдыққан.

Өткен жылы Нұрғұл Атабаеваға сүт безінде киста мен түйін бар деген диагноз қойған. Әйел емделді. Облыстық онкологиялық диспансер дәрігерлерінің үкімін тағатсыздана күтіп жүрді. Қуантарлығы, жаңа өскіндер жоқ.

Жылжымалы медициналық кешенде маммография және ультрадыбыстық зерттеу жүргізілді. Онколог шешімін берді. Уақытылы анықтау және емдеудің арқасында патологиялар жоқ. Әр алты ай сайын тексеруден өтуді ұсынды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің арқасында қымбат медициналық қызметтер қолжетімді.

Жылжымалы медициналық кешенде тексерулерден өтуге болады. Бұл әсіресе қатерлі ісікке шалдыққан науқастар үшін маңызды», - дейді Нұрғұл Атабаева.

Жылжымалы медициналық кешен томосинтез функциясы бар сандық маммографиялық аппаратурамен, ультрадыбыстық жүйемен және жоғары зерттеу дәлдігі бар компьютерлік томографпен жабдықталған. Құрал Жапонияда жасалған. Бұл санаттағы

медициналық жабдықтар Қазақстанда алғаш рет пайдалануға берілді.

Қатерлі ісік өлім жазасы емес, дүрбеленге себеп емес, дейді Шиелі ауданаралық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Қазбек Шәукебаев. Бұл сіздің денсаулығыңызға жауапты көзқарасты арттыруға және қалпына келтіруге қалам жасауға ынталандыру.

Скрининг – ауруды ерте анықтау. Бұл тегін медициналық қызмет міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азаматтарға қолжетімді. Сондықтан уақтылы тексерулерден өту маңызды. Қатерлі ісік ерте сатысында анықталған науқастар саны көп. Онкологиялық науқастардың өмір сүру ұзақтығы артты. Әрине, бұған МӘМС жүйесі ықпал етіп, денсаулық сақтау саласының жұмысын құрылымдады, қаржыландыру көлемі артты. Мәселен, өткен жылы аудандық аурухана компьютерлік томографиялық аппарат сатып алды, - деп атап өтті Қазбек Шәукебаев.

Биыл Шиелі ауданаралық ауруханасына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 7,9 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді.

ҚАЛАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Қызылорда қаласы әкімдігі «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жоллаушылардың көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесі» www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жоллаушылардың көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен төрт түрлі мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

1. Күзгі – қысқы жылу маусымына жоғары кернеудегі электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға зерлік паспорттың беру – www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жыл сайын 15 тамыздан бастап 30 қыркүйекті қоса алғанда жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды және қызмет – электрондық түрде көрсетіледі.

2. Ауданаралық (қалааралық, облыс ішілік), аудан ішілік қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарға әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша автомобиль жоллаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасмалдаушылардың залдарын субсидиялау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды. Қызмет электрондық түрде көрсетіледі.

3. Жоллаушылар мен багаждағы автомобильмен қалалық (ауылдық) қала маңындағы және аудан ішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін беру.

4. Ағаштарды кесуге рұқсат беру – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу бойынша жұмыс»

Жоғарыда аталған мемлекеттік қызметтердің барлығы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық түрде қызмет көрсетілетін назарыңызға саламыз.

ӨРТ-ТІЛСІЗ ЖАУ

Орман өрті – абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды.

Біздің әрқайсымыз орманның жақсы демалу үшін ең жақсы орын екенін білеміз. Әрине, орман өзінің сұлулығымен көптеген демалушыларды, аныштар мен туристерді қызықтырады, олар көбіне жауапты адамдар.

Статистикаға сәйкес 90%-астағы жыл сайынғы орман өрттерінің шығуына адамдар себепкер болады. Негізгі себептері сөндірілмеген от, сөнбеген темекі тұқылы, ашық от пайдалану, шыны қалдықтары және тағы да басқалар.

Егер орманда немесе оған жақын жерде жанып жатқан отты көрген кездегі алғашқы міндет – өрттің әрі қарай өршуіне жол бермеу. Ол үшін отты сөндіріп, жанған жерді мұқият қарап от шоқтарының жоқ екендігіне көз жеткізу қажет. Өртті өз бетінше сөндіру мүмкін болмаған жағдайларда өрт туралы ақпаратты «101», 21-2-82 телефон нөмірі бойынша өрте қарсы қызметке, орман қорғау органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына немесе полицияға хабарлау қажет.

Өрт қауіпсіздік ережелерін бұзғандарға ҚР ӘҚБтК-нің 367 бабына сәйкес, жеке тұлғаларға 36920 теңге, лауазымды тұлғаларға 110760 теңге айыппұл салуға әкеп соғады. Қорыға келгенде, Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өзі өмір сүріп отырған табиғатты қорғауға және ұқыпты ұстауға міндетті. Ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелері ормандарды өрттен сақтауға кепілдік береді.

С. ТАБЫНБАЙ,
«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі ММ» КММ орман қорғау, күзету бас инженері

АИТВ ЖӘНЕ ТУБЕРКУЛЕЗ

Қазақстан Республикасында туберкулез АИТВ-инфекциясы (Адамның Иммунитет Тапшылығының Вирусы) жұқтырғандардың 45 пайызында кездеседі, себебі АИТВ инфекциясы жиі тараған региондарда туберкулез ауруы АИТВ жұқтырғандарға жиі кездесетін оппортунистік аурулар қатарына енді. Оппортунистік аурулар дегеніміз адам ағзасының иммундық жүйесі күрт әлсірегенін пайдаланып, бас көретін аурулар. Оларға туберкулез, герпетикалық инфекция, кандидоз, пневмоцисттік пневмония т.б. жатады. АИТВ - иммунитетті әлсіретіп, түрлі жұқпаларға жол ашатын инфекция болып табылады.

АИТВ жұқпасымен ауыратындардың арасында туберкулез көбеюі жалпы эпидемиологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерін төмендеуіне себепші болады. Сондықтан АИТВ жұқтырғандар арасындағы туберкулездің алдын-алу және туберкулез ауруына шалдыққандар АИТВ-ға тексерудің маңызы зор. Әлемде туберкулез ауруымен АИТВ жұқтырғандардың жылына 200000-ға жуығы қайтыс болады екен.

АИТВ мен туберкулез қосалқы инфекциясының ерекшеліктері:

• АИТВ жұқтырғандардың жартысында басқа инфекцияларға қарағанда туберкулез екі жыл бұрын пайда болады.

• Өте ауыр иммундық тапшылық кезінде туберкулез өкпенің төменгі бөлігінде орналасады, кеудешілік лимфа бездерінің ұлғаятын орталық нерв жүйесі және басқа да органдар мен жүйелер процеске енуі мүмкін.

• АИТВ инфекциясының ерте сатысында қақырықта туберкулез таяқшалары табылады және өкпеде қуыстар пайда



болады.

- АИТВ инфекциясының кеш сатысында қақырықта туберкулез таяқшалары табылмайды және өкпеде қуыстар сирек кездеседі, себебі иммунитеті төмендеген ағза бойындағы бактерияларға қарсы тұруға дәрменсіз.
- АИТВ мен өмір сүрушілерде өкпеден тыс туберкулез жиі кездестірген формалары: -перифериялық және кеудешілік лимфа бездерінің қабынуы, - өкпе, жүрек сыртындағы қабықтарының қабынулары.

Осы келтірген деректердің қаперге алып, қоғамның әрбір саналы мүшесі осы проблемалардың бар екенін және жыл ма жыл көбейгенін ескеріп, өз жаңауына, достарына, айналасына жауапкершілікті болуды түсіну арқылы бұл эпидемияларды азайту, әрі қарай тоқтатуды мүмкіндік болары сөзсіз.

А. ОРАЗБАЕВА,
Сырдария ауданындағы психологиялық кеңес беру кабинетінің дәрігері

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА 70,5 МЛРД ТЕҢГЕ АУДАРЫЛДЫ

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2024 жылдың 1 наурызына дейін Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 70,5 млрд. теңге аударды, оның 42,5 млрд. теңгесі жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 28 млрд. теңге - жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі, - деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.



Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

«Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

№ р/с	Басшының аты-жөні	лауазымы	Қабылдайтын күндері	Уақыты
	Ахметов Орман Айтмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күндері	Сағ. 15-00-ден 17-00-ге дейін

С Е Н І М Т Е Л Е Ф О Н Ы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әлептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан бері жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әлеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті М. Көкенов көшесі №44 - мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде 22-3-24 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор және бас режиссеры
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/PY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001:2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №65

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
<https://ret-gazeta.kz/>